

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 3 (128)/2019

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Нұр-Сұлтан, 2019
Nur-Sultan, 2019
Нур-Султан, 2019

Бас редакторы
Молдажанова А. А.
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	А.Р. Ерментаева , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (әлеуметтану)	Н.О. Байғабылов , PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Есенғалиева А. М.	п.ғ.к., доцент (Қазақстан)
Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD (Қазақстан)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., доцент (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	ә.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	ә.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500
(ішкі 31432)

© **Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті**

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
A.A. Moldazhanova

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **N.O. Baigabylov**, PhD in Sociology (Kazakhstan)

Editorial board

Esengalieva A. M.	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Russia)
Kazhgaliyeva A.	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Otar E.S.	PhD (Kazakhstan)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, Assoc.Prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор
д.п.н., профессор
А. А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	А.Р. Ерментаева , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	Н.О. Байгабылов , PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Есенгалиева А. М.	к.п.н., доцент (Казахстан)
Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Кажгалиева А.	докторант (Казахстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Отар Э. С.	PhD Казахстан
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Толубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., доцент (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалгынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Сатпаева, 2, каб. 408,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Жоғары мектепте тіл мамандықтары мұғалімдерін оқу-тәрбие үдерісінде өзара іс-әрекет етуге психологиялық-педагогикалық даярлау	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймағамбетова Р.Х.</i> Әлеуметтік жетімдіктің профилактикасы: қазақстандық аспект	15
<i>Бережнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Медиабілім мазмұнын қалыптастыру шарттары	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін түзетуге арналған бағдарламалық жасақтама әзірлеу	32
<i>Жиентаева Б.Ж.</i> Ересектерге қосымша білім берудің ерекшеліктері	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманқұлова П.Ж.</i> Педагогтарды инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасауға даярлау мәселелері	49
<i>Қударова Н.А., Тулекова Г.М.</i> Жоғары оқу орнындағы студенттердің көшбасшылық қасиеттерін ұлттық сипатта өркендетудің амалдары мен жолдары	55
<i>Қунтубаева Д.К.</i> Инновациялық білім берудегі оқыту технологияларының маңызы	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Тәуелсіз Қазақстан жағдайындағы білім берудің заманауи үрдістері	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Білім беру жүйесі менеджерлерін даярлауды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету	76
<i>Сламбекова Т.С., Жұмыкбаева А.К.</i> Педагог кадрлардың біліктілігін арттырудағы бағалаудың халықаралық стандарттарға сәйкестігі	84
<i>Уайханова М. Ә.</i> Мектеп оқулығы мазмұнының мәдениеттанулық үлгісі	90
<i>Чункенова С.С.</i> Жаңа білім беру жүйесіне үйлесімді мұғалім тұлғасы	100
<i>Туякова Ұ.Ж., Шалғынбаева Қ.Қ.</i> Эмоциялардың психологиялық теорияларының эмоционалдық интеллектіге негіз болу мәселелері	105

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адилъжанова К.С.</i> Эмоционалды интеллект түсінігі және оны зерттеудегі бағыттар	118
<i>Ерментәева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Майлыбаева Ж.С.</i> Студенттік кезеңдегі тұлғалық даму	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Психологиялық күзiреттiлiк феноменологиясын зерттеудiң теориялық мәселелері	133
<i>Карибаева Г.М., Қонысова А.Ж.</i> Әскери қызметтегі жас мамандардың кәсіби іс-әрекетіне бейімделуінің психологиялық ерекшеліктері	140
<i>Карибаева Г.М., Тоқтарбай Г.Ә.</i> Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессиялық мінез-құлықтың пайда болуының психологиялық ерекшеліктері	148

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Қазақстандағы зомбылық экстремизмінің алдын алудың саяси-басқарушылық аспектілері	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Қазақ әйелінің сәйкестігі: әлеуметтік мәртебесі мен ұлттық бас киімі	164

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abishev N.A., Kabylova M.S.</i> Psychological and pedagogical training in higher educational institution of teachers of language specialties for communication in teaching and educational process	8
<i>Assylbekova M. P., Abibulayeva A.B., Aimagambetova R.H.</i> Prevention of social orphanhood: Kazakhstan case study	15
<i>Berezhnova E.V., Abdirkenova A.K.</i> The conditions of formation of content of media education	25
<i>Zhantasova Zh.Z., Tlebaldinova A.S., Nugumanova A.B., Zhurtpayeva A.A., Kaydarova M.A.</i> Correction software development different sides of speech and writing in children	32
<i>Zhiyentayeva B. Sh.</i> Features of Adult Education	42
<i>Zholdasbekova S.A., Parmankulova P. Zh.</i> Problems of training teachers for work in conditions of inclusive education	49
<i>Kudarova N.A., Tulekova G.M.</i> Ways and means of leadership development among students of higher educational institutions on the basis of national character	55
<i>Kuntubaeva D.K.</i> The role of educational technology in innovative education	64
<i>Orazalieva R.B.</i> Modern educational trends in the conditions of independent Kazakhstan	70
<i>Rakhymberdiyeva A.V.</i> Scientific and methodological support of training managers of the education system	76
<i>Slambekova T.S., Zhumykbayeva A.K.</i> Compliance of independent assessment in the system of professional development of teachers with international standards	84
<i>Uaikhanova M. A.</i> The culturological model of the school text-book content	90
<i>Chunkenova S.S.</i> Teacher's personality in the new education system	100
<i>Tuyakova U. Z., Shalgynbayeva K.K.</i> Psychological theory of emotion is the basis of emotional intelligence	105

PSYCHOLOGY

<i>Adilzhanova K.S.</i> The concept of emotional intelligence and directions in its research	118
<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Mailybayeva Zh. C.</i> Development of personality in the student age	125
<i>Oryngalieva Sh.O.</i> Theoretical problems of research of phenomenology of psychological competence	133
<i>Karibayeva G.M., Konysova A.Zh.</i> Features of the psychological adaptation of young specialists in military service to professional activity	140
<i>Karibaeva G. M., Toktarbai G. A.</i> Psychological characteristics of aggressive behavior in preschool children	148

SOCIOLOGY

<i>Beissembayev S.N.</i> Public policy aspects of prevention of extremism in Kazakhstan	155
<i>Karimova G.K., Seidumanov S.T.</i> Identity of Kazakh woman: social status and national headwear	164

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абишев Н.А., Кабылова М.С.</i> Психолого-педагогическая подготовка учителей языковых специальностей в вузе к взаимодействию в учебно-воспитательном процессе	8
<i>Асылбекова М.П., Абибулаева А.Б., Аймагамбетова Р.Х.</i> Профилактика социального сиротства: казахстанский аспект	15
<i>Березнова Е.В., Абдиркенова А.К.</i> Условия формирования содержания медиаобразования	25
<i>Жантасова Ж.З., Тлебалдинова А.С., Нугуманова А.Б., Жұртпаева А.Ә., Қайдарова М.А.</i> Разработка программного обеспечения по коррекции разных сторон устной и письменной речи у детей	32
<i>Жиентаева Б. Ж.</i> Особенности дополнительного образования взрослых	42
<i>Жолдасбекова С.А., Парманкулова П.Ж.</i> Проблемы подготовки педагогов к работе в условиях инклюзивного образования	49
<i>Кударова Н. А., Тулекова Г. М.</i> Пути и способы развития лидерских качеств у студентов высших учебных заведений на основе национального характера	55
<i>Кунтубаева Д. К.</i> Роль образовательных технологий в инновационном образовании	64
<i>Оразалиева Р.Б.</i> Современные тенденции образования в условиях независимого Казахстана	70
<i>Рахымбердиева А.В.</i> Научно-методическое обеспечение подготовки менеджеров системы образования	76
<i>Сламбекова Т.С., Жумыкбаева А.К.</i> Соответствие независимого оценивания в системе повышения квалификации педагогических кадров международным стандартам	84
<i>Уайханова М. А.</i> Культурологическая модель содержания школьного учебника	90
<i>Чункенова С.С.</i> Личность учителя в новой системе образования	100
<i>Туякова У.Ж., Шалғынбаева К.К.</i> Проблемы психологических теорий эмоции как основы эмоционального интеллекта	105

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Адилъжанова К.С.</i> Понятие эмоционального интеллекта и направления его исследования	118
<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.Қ., Майлыбаева Ж.С.</i> Развитие личности в студенческом возрасте	125
<i>Орынғалиева Ш.О.</i> Теоретические проблемы исследования феноменологии психологической компетенции	133
<i>Карибаева Г.М., Конысова А.Ж.</i> Особенности психологической адаптации молодых специалистов на военной службе к профессиональной деятельности	140
<i>Г.М. Карибаева, Г.А. Токтарбай.</i> Психологические особенности возникновения агрессивного поведения у детей дошкольного возраста	148

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Бейсембаев С.Н.</i> Политико-управленческие аспекты профилактики экстремизма в Казахстане	155
<i>Каримова Г.К., Сейдуманов С.Т.</i> Идентичность казахской женщины: социальный статус и национальный головной убор	164

МРНТИ 14.37.01

Б. Ж. Жиентаева

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: b_jientaeva@mail.ru)*

Ересектерге қосымша білім берудің ерекшеліктері

Андатпа. Мақалада еліміздегі андрогогикалық білім беру мәселелерінің маңыздылығы және ересектерге қосымша білім беру ерекшеліктері, андрогогика ғылымының негізгі шарттары қарастырылады. Сол сияқты ересектердің қосымша білім алуы еліміздің өркениетіміздің дамуының негізгі маңызды бағытының бірі екендігін және олардың белгілі бір мамандық бойынша білім алуымен шектеліп қоймай, одан әрі білімін жалғастыру, толықтыру, қосымша білімдерін жетілдіру арқылы кәсіби әрекетінің тиімділігі, соның негізінде жұмыс орнының сапасы артатындығы баяндалады. Елімізде андрогогикалық білім берудің ерекшелігі қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдер мен дағдылардың қосымша көлемін алуға, ересек адамдардың өмір бойы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығында екенін көрсетеді. Ересектердің қосымша білім алуына себеп болатын негізгі жағдайлар, қосымша білім берудің әр түрлі жолдары, соған сәйкес қосымша білім берудің білімдік қызмет аймағының ерекшеліктеріне тоқталады.

Түйін сөздер: андрогогика, қосымша білім беру, үздіксіз білім, ересектерге қосымша білім беру жүйесінің негізгі ереже-талаптары, андрогогикалық білім беру іс-әрекеті.

DOI: [https:// doi org/ 10.32523/2616-6895-2019-128-3-42-48](https://doi.org/10.32523/2616-6895-2019-128-3-42-48)

XXI ғасырдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірінде болып жатқан қазіргі өзгерістерге қарай ересектерге қосымша білім беру қазіргі еліміздегі білім саясатының басты бағыттарының және қоғамдағы білім беру жүйесінің дамуының жағдайы мен болашағын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Ересектерге білім беру үрдісі жалпы білім беру жүйесінің бөлінбейтін, өзіндік ерекшелігі бар маңызды бөлігі болып табылады және ол тұлға дамуында қажет үздіксіз білім беруден туындайды. Ересектерге қосымша білім берудің мақсаты қазіргідей жылдам дамыған қоғамда еркін еңбек ете алатын және толыққанды өмір сүру үшін білім, білік, дағдылармен қамтамасыз ету, қоғам өзгерістеріне қарай бейімделе алуға, алған білімдерін кәсіби әлеуетін көтеруге тиімді пайдалана алуға үйрету.

Қосымша білім беру мазмұнының деңгейі көп жағдайда үздіксіз білім беру жүйесіндегі мемлекетіміздің ұлттық саясатына және соған сәйкес жоғары мектептің қазіргі жаңаруы еліміздің оқу жүйесінің, қоғамдағы мәдени-рухани жаңғыртуға бағытталған жаңа білім беру саясатымен байланысты.

Ересектерге қосымша білім берудегі үздіксіз білім берудің мәнін педагогикалық ғылым тұрғысынан түсіндіруге тырысып көрсек, ол - табиғат және қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігін жоғары деңгейге көтеруді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі. Бұл туралы ЮНЕСКО-ның әлемдегі білімді дамыту стратегиясында заман талабына жауап беру, әрі қарай даму үшін әрбір ересек адам оқу керек екендігі айтылған. Сол сияқты ҚР «Білім туралы» Заңында да ересектерге білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес қосымша білімдер мен дағдыларды игеру, ересек адамдардың өмір бойы білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталу қажеттігі атап көрсетілген [1].

Қазіргі таңда әлеуметтік өмірде білім берудің мәртебесі өзгеруде, ересектердің қосымша білім алуы еліміздің экономикалық саясаты, өркениетіміздің дамуының негізгі

бағытының бірі десек те болады. Осы тұрғыдан ересектер белгілі бір мамандық бойынша білім алуымен шектеліп қоймай, одан әрі білімін жалғастыру, толықтыру, қосымша білімдерін жетілдіру арқылы кәсіби әрекетінің тиімділігін арттырады, жұмыс орнының сапасы артады, соның нәтижесінде еліміз өркениетті әлемдік даму үрдісіне жақындай түседі. Ересектерге қосымша білім беру, қайта даярлау түсініктерінің астарында не жатқандығына көп естісек те мән бере қоймаймыз, ол үшін ересектерді оқыту мәселесімен айналысатын андрогогика ілімін, андрогогикалық білім беруді түсіну қажет.

Андрогогика - оқыту үрдісі барысындағы оқытушы мен үйренушілердің іс-әрекеттерін негіздейтін, ересектерді оқыту туралы ғылым. Андрогогикалық білім берудің ерекшелігі - қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдер мен дағдылардың қосымша көлемін алуға, ересек адамдардың өмір бойы үздіксіз білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталғандығында.

«Андрогогика» түсінігін 1833 жылы неміс педагогикасының тарихын зерттеуші А.Капп ғылыми қолданысқа енгізді. Бұл сөз грек тілінен шыққан (андрос - адам, ер адам, агогейн - жетекші) деген «Педагогика» деген сөзбен ұқсастығына қарай құрылған. Бұл сөзді сөзбе-сөз аударып айтсақ, ол «ересек адамның жетекшісі», ересек адамды бастау, басқару болып табылады.

Бүгінгі күні андрогогика білім беру саласында дербес ғылым, ересектерге қосымша білім берудің әлеуметтік тәжірибе өрісі, оқу пәні ретінде қарастырылуда. Андрогогикада негізінен педагогикалық тұрғыда ересек адамдарға қосымша білім беру туралы айтылады. Ересектерді оқытудағы андрогогика саласының ғылыми спецификалық ерекшелігін танып, білу үшін алдымен оқыту пәнін, андрогогикадағы түсініктер жүйесі сипатталған тұжырымдамаларды, ересектердің ғылыми білімі мен трансформациясына ықпал ететін негізгі оқыту принциптері мен әдістерін айқындап алу керек: Заманауи ғылым жүйесіндегі ересектерді оқытудағы андрогогикалық білімнің орны мен функциялары осыған сәйкес айқындалады. Андрогогиканы меңгеру әлеуметтік практикада негізінен ересектерге арналған оқыту іс-әрекетінің мәніне сәйкес олардың кәсіби интенсивті білім алуын, білімдер мен дағдыларын, қарым-қатынастар құндылықтарын дамытуды көздейді.

Ересектерді оқытудағы қосымша мамандықтардың сипаттамаларын, ерекшелігін түсіну үшін андрогогикадағы андрагог мамандарды даярлау құрылымында өзінің орны мен білім беру әлеуетін белгілеу маңызды.

Андрогогика үздіксіз даму үстіндегі ғылым. Андрогогика салыстырмалы түрде ғылымның жас саласы екеніне қарамай, бүгінде оның әлеуметтік, ғылыми практикалық тұрғыда даму процесі қарқынды жүріп жатыр. Десек те, көп жылдан бері «педагогика» және «андрогогика» терминдерінің ұқсастықтарына қарамай әлі күнге дейін ересектерді оқыту мәселесі туралы пікірлер әр түрлі деңгейде өрбиде. Сондықтан да, педагогиканың саласы бойынша семантикалық үздіксіздікті сақтай отырып, «андрогогика» түсінігі ересектерге арналған білім ерекшелігін әлі де арнайы зерттеу қажеттілігін көрсетеді. Осы қарама-қайшылыққа байланысты, ғылымдар шеңберіндегі андрогогиканың орны әлі дәл анықталмаған. Кейбіреулер мұны педагогиканың аналогы болып табылатын пренатальды педагогика, мектепке дейінгі педагогика, дидактика, жоғары мектеп педагогикасы сияқты бір бөлімі деп түсінеді. Басқалар, ересек адамның табиғат ерекшелігін ескере отырып, білім беру пәні ретінде, қосымша білім берумен айналысады дейді. Осы көзқарастың жақтаушылары көптеген салаларда ересек адамға қатысты қосымша білім беруді біріктіреді және интенсивті сипатқа ие болады деп біледі.

Андрогогика мен педагогика және ересектердің білім беру теориясы арасындағы тығыз қарым-қатынастар олардың зерттеу пәндерін салыстыруда оңай анықталады. Андрогогиканың ерекшелігінің бірі, оның табиғатының пәнаралық сипатта болатындығы. Жалпы педагогиканың пәні тұлға қалыптасуы ретінде анықталуы мүмкін, ересектерге

арналған білім беру теориясының пәні әлеуметтік-мәдени институт ретінде ересектерге білім беру жүйесі болып табылады. Андрогогиканың спецификалық пәні үздіксіз білім беру контексінде ересектерді оқытудың теориясы мен әдістемесі болып табылады.

Андрогогикалық білім беру салаларындағы ғылыми қызығушылықтардың қиылысы ересек адам екендігі анық. Андрогогиканың негізгі функциясы өз атауына тән мағынаға сәйкес ересек адамдарға қосымша білім беруді жүргізеді, бұл үшін ересектердің тұлғалық табиғаты мен ерекшеліктерін білу керек. Мұндай тұтас көзқарас білімнің дамуының бүгінгі нақты тарихи деңгейіне сәйкес келеді. Осыған орай, андрогогикалық білім ересектер арасындағы өзара әрекеттесу жүйесіндегі оқытуға байланысты мәселелерге ерекше назар аударады.

Андрогогиканың негізін салушылар білім беру саласындағы көрнекті американ қайраткері Малколм Шеппард Ноулз, ағылшын ғалымы Питер Джарвис, американдық ғалым Р.М.Смит. Малколм Шеппард Ноулз 1970 жылы «Ересектерге білім берудің қазіргі тәжірибесі» атты еңбегінде осы бағыттағы ізденіске алғашқы қадам жасады.

М.Ш.Ноулз бойынша «Андрогогика – ересектерге білім алуға көмектесу өнері мен ғылымы». Ал Швейцар зерттеушісі П.Фюрте «Андрогогика – адамды өмір бойы қалыптастыру туралы ғылым» деп есептейді.

Б.А.Тұрғынбаеваның «Андрогогика» атты оқу-құралында «Білім беру – адами қасиеттің бейнесінің мазмұндық және процессуалды жағынан жүйелендірілген оқыту мен тәрбиелеу негізінде мақсатты түрде дамуы мен қалыптасуының әлеуметтік-мәдени тетігі» деп, білімнің бірнеше түрлеріне сипаттамалар береді: терең білім, қолданбалы білім, озық білім, қабаттас білім, орнын толтыратын білім, түзететін білім, дамытпалы білім, қолдау болатын білім, толықтыратын білім. Әрине, барлық білім түрлері – субъектінің өмір тіршілігі мен кәсіби әрекетінің тиімділігі мен нәтижелілігі үшін қызмет етеді. Демек, адам өзінің дамуы барысында аталған барлық білім түрлерін игере отырып, дамиды, қалыптасады, өзінің қоғамдағы орнын табады, белгілі жетістіктерге қол жеткізеді т.б.

Ересектерді оқыту - қосымша білім берудің негізгі жолы. Сондықтан қазіргі жаһандану дәуірінде андрогогикалық білім беру ғылыми-техникалық прогрестің үдемелі дамуының құдіретті факторы және жалпы білім жүйесінің бөлінбейтін, маңызды, өзіндік ерекшелігі бар басты бөлігі болып отыр. Қазіргі таңда Еуропаның барлық бөлігінде «андрагогика» терминіне қарағанда «ересектерді оқыту», «алдағы білім алу» және «ересектер педагогикасы» терминдері жиі қолданылып жүр.

Андрогогикалық білім берудің негізгі міндеттерінің бірі ересектердің қосымша алатын білімі әр адамға қоғамның өзгерістеріне қарай бейімделе алуға, өзінің өмірлік, рухани күштерін өзгерте, сақтай, үстемелеп қоса алуға, өз шығармашылық әлеуетін көтеріп, өзін-өзі дамытуға көмектесу. Бұл процестің логикасы ересек адамдардың әр түрлі санаттары мен топтарын оқытуға қатысты қажетті ақпаратты іріктеудің теориялық негізін жасауды талап етеді. Оларды біріктіруші доминант - ересек адамның жағдайымен сипатталатын білім беру үдерістеріне қатысушылардың мәселесі. Осыған байланысты, ол педагогика теориясының ажырамас бөлігі бола алады және ересектерге білім берудің теориясы, білімі жүйесі, толығымен тәуелсіз білім беру өрісі болып қала алады. Осылайша, андрогогикада қазіргі заманғы ғылыми білімнің дамуындағы жалпы тенденциялардың көрінісі айқын көрінеді.

Андрогогикалық білімнің ғылыми контексті төмендегі категорияларды қарастыру арқылы анықталады:

- адам (ересектену деп сипатталатын оның өмір сүру кезеңіндегі тіршілік әрекетінің біртұтастығы);
- ересектену (ересек адамның ерекшелігін оқытудың субъектісі ретінде қарастыруда оның жасы мен әлеуметтік шектерін айқындайтын қасиет);

- білім беру (адами қасиеттің имиджін мазмұндық және процецуалық жағынан жүйеленген оқыту мен тәрбие берудің негізінде мақсатты дамыту мен қалыптастырудың әлеуметтік-мәдени механизмі);

- ересектерге білім беру (өмір бойы үздіксіз білім беру контексінде, адамның кәсіби-жеке даму үдерісін әр түрлі формаларда жүзеге асыратын үрдіс);

- үздіксіз білім беру (адамның тіршілік әрекетіндегі қызметінің біртұтас кеңістігіне қатысты білім беру);

- андрагог (ересектерге білім беру саласында жұмыс істейтін мамандардың жалпы атауы).

Андрогогика саласындағы қазіргі заманғы зерттеу ауқымы, ерекшеліктері мыналарды қамтиды:

- жасы, жынысы, әлеуметтік мәртебесі, кәсіптік даярлық деңгейі, денсаулық жағдайы ескеріле отырып, халықтың түрлі санаттары мен топтарының білім алу қажеттіліктерін зерттеу;

- ересектерге негізгі және қосымша кәсіптік білім беру, өз бетінше білім алуға мүмкіндік тудыру, бос уақыттарына сәйкес қосымша білім беру, ересектердің өздерінің қосымша білім беру қызметі, рухани даму деңгейі бойынша білім беру қызметінің бағыттары, қосымша білім беру формалары мен функцияларын зерттеу және моделдеу;

- ересектерге арналған білім беру жүйесіне керек мазмұндық-мақсатты, технологиялық талдауларды дамыту, кадрлық жағынан қамтамасыз ету.

Андрогогикалық білімді қалыптастыру және дамытудың қағидалары: интеграциялық, тәжірибеге бағдарланған, адамгершілікті тәрбие болып табылады. Ересек адамның білім беру қызметін ұйымдастыру принциптерінің негізгі тәжірибесі: сабақтастық, сызықтық емес, ашықтық, өзгермелілік, ынтымақтастық, өзінше білім алуды ұйымдастыру.

Ересек адамның өз білім, білік, дағдыларын әрдайым жаңартып отыруына, қосымша білім алуына төмендегі жағдайлар себеп болады:

- ересек адамның өмірінде қашанда түйткілді мәселелер туындап отыратындықтан, оларды шешу үшін оларға білім, білік, дағдыларға, іс-әрекет тәжірибесіне қосымша білімдер қажет болып, өмір сүру ережелерін ауыстыруға тура келеді, олар объективті түрде оқу мотивіне айналады;

- кез келген жастағы адамның қоғамда болып жатқан өзгерістерге қатысты ақпаратқа деген сұраныстарының болуы;

- жастың ұлғаюына сәйкес адамның танымдық қызметтің әлсізденуі мен нашарлауының табиғи динамикасына қарамастан оқуға деген қабілетінің болуы;

- адам өмірінің тіршілік әрекеті барысында басқалар үшін де, өзі үшін де тәжірибе жинастыруға деген қажеттілік.

Бәсекелестік сияқты нарықтық қатынастарға сәйкес ересектерге қосымша білім берудің әр түрлі жолдары тарай бастады. Соңғы уақыттарда қосымша білім беру «білімдік қызмет көрсету» аймағына айналғандықтан оған сұраныс пен ұсыныс жоғары. Бұл орайда, ересек адамдарға қосымша білім беруді ұйымдастырғанда қазіргі білім беру жағдайында кездесетін әдеттегі сыртқы және ішкі қиыншылықтарды ескеру керек. Кейбір ересек адамдарда өзінің оқуға деген қабілетінің төмендеуіне қатысты ішкі туындайтын кедергілер - *психофизиологиялық қиыншылық* (оқу ақпаратын қабылдау, есте сақтау, қайталау қабілетінің нашарлауы). Психологиялық тұрғыдан алғанда өз еркімен педагогикалық ықпалдың «объектісіне» айналуға дайын еместігі - *әлеуметтік-психологиялық қиыншылық*. Қоғамда өмір сүру дәрежесінің кәсіби мәртебесі үшін алған білімі жеткіліксіздігінен өзінің білімінің жаңа деңгейін талап етпеген жағдайдағы *әлеуметтік қиыншылық*. Бұл жағдайда ересек адам үшін білімін жалғастырудың мәні болмайды.

Ересек адамда өмірлік білім алу қажеттілігі мақсатының қалыптаспағандығы

психологиялық-педагогикалық қиыншылыққа әкеледі. Сол сияқты, үздіксіз білім алуға саналы адам ретінде өзі туралы, өз қабілеті, оқу материалын қабылдау ерекшелігі мен меңгеруі, ақпараттық қажеттілігі туралы тиісті білімдердің болмауы кедергі келтіреді [2,3].

Кез келген жастағы ересек адамның оқуда нашар болу сияқты қорқыныш сезімі жас баладан да қатты болады. Сондықтан білім беру үрдісін жетістікке жету бағыттылығы бойынша ұйымдастыру дұрыс. Ересектерді оқыту жүйесіндегі білім беру мазмұны ашық сипатта жүреді және олардың ақпарат көздерімен байланысы ерекше болады. Осыған орай әдебиеттер пен әртүрлі бағдарламалық өнімдерді ұсынып, оларды заманауи дерек көздерін пайдалану арқылы өз бетінше ақпараттық ізденіс жасауға бағыттау керек, өйткені ересек адам алғашқы дерек көздерін өз бетінше талдауға қабілетті. Осындай талдау қосымша білім алудың нәтижелі жолы болып табылады. Ересектерге қосымша білім беру жүйесі қазіргі қоғамның прогрессивті-қарқынды, эволюциялық дамуын тұрақтандыратын тетік қызметін атқарады. Ересек адамды оқыту, әдетте, олардың жеке уақыт тапшылығы жағдайында жүзеге асатынын ұмытпаған жөн, сондықтан мұндайда жеке дара ұсыныстар мен мүмкіндіктерді ескере отырып, уақытты нақты белгілеу аса маңызды.

Андрогагикалық амалды қарастыра отырып, негізгі іс-әрекетке мыналарды жатқызамыз: академиялық түрдегі қосымша оқыту іс-әрекеті, кәсіби іс-әрекет, қосымша оқыту-кәсіби іс-әрекет, жалпы мәдени іс-әрекет [4]. Бұл ересек адамдарды қосымша терең білімдерді игеруге бағыттайды, оларға сүйене отырып ересек адам кез келген тақырыптағы кәсіби іс-әрекеттің негізгі және қосымша жақтарын дамыта алады. Осылайша, ересектерге қосымша білім берудің мәдениетін қалыптастыру олардың түпкілікті білім инвариантын игеруімен айқындалады және ол қажетті ақпаратты қолдана отырып қандайда бір тұжырымдамалар, теориялар мен ойларды тани алып, өзінше қорытынды жасай алуы дегенді білдіреді .

Білімді ересек адам өзінің игерген қосымша білімі мен мәдениетін әдеттегі, қалыптан тыс шешімдермен қатар, жаңа шығармашылық мәселелерді шешуде өзектендіріп, дұрыс қолдана алады. Бұл ересектерге қосымша білім беру жүйесінің негізгі талаптарын, ережелерін қалыптастыруға көмектеседі. Олар:

- ересектерге қосымша білім беру жүйесінде қабылданған шешімдердің жалпылама және жергілікті болуы;
 - қосымша білім беру үлгілерінің қызмет етуінің жобалы және шынайы болуы;
 - қосымша білім беру жүйесінің контекстік мазмұнының, эволюциялық логикасының болуы;
 - нәтижелерге жетудің қайшылықсыз тұжырымды, мәдени технологиялық болуы;
 - жаңа мақсатты болжам арқылы анықтау және қабылдау;
 - әрбір адамның рухани субъектілігін мойындау, мәдени қарым-қатынасты нығайту.
- Ересектерге қосымша білім берудегі андрогагика ғылымының негізгі шарттары:
- ересек адамның жеке өзінің білім алуындағы жетекші рөл сол үйренушінің өзіне тиесілі;
 - қосымша білім алушы ересек адам өзін-өзі басқаруға, өзін-өзі көрсетуге ұмтылады және солай сезінеді;
 - қосымша білім алушы ересек адамда өзінің және өзгелердің үйренуі барысында қажет болуы мүмкін болатын өмірлік тәжірибесі бар;
 - қосымша білім алушы ересек адам өмірлік маңызы бар мәселелерді шешу мен нақты мақсаттарға жету үшін білім алады;
 - қосымша білім алушы ересек адам оқу барысында алған білім-білік-дағдыларды кейінге қалдырмай пайдалануды көздейді;
 - қосымша білім алушы ересектердің оқу іс-әрекеті кейде шектейтін, кейде көмектесетін уақыттық, кеңістіктік, тұрмыстық, кәсіптік және әлеуметтік т.б. факторлар арқылы өзгеріске

түседі;

- қосымша білім алушы ересектерді оқыту үрдісі оның барлық (жоспарлау, жүзеге асыру, бағалау және түзету) кезеңінде оқытушы мен қосымша білім алушының бірлескен іс-әрекеті түрінде ұйымдастырылады.

Қазіргі заманғы практикада сынақтан өткен жетекші идеялар мен модельдер андрогоикалық қызметтің тәжірибелік бағдарлануын, оқытудың сапасына әсер ету қабілетін көрсетеді, жұмыспен қамту орталықтары, кәсіптік оңалту орталықтары, біліктілігін арттыру институттары, қосымша білім беру мекемелері сияқты маңызды әлеуметтік институттардың мазмұны мен технологияларын дамыту үшін негіз болып табылады. Ересектерді оқыту тәжірибесін танытын және жинақтайтын ғылым ретінде, Андрогоикалық дайындық өмір бойы білім беру мәселесін шешеді, сондай-ақ, ересектердің білім беру мақсаттарын ақылға қонымды түрде тұжырымдауға және іске асыруға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе ересектерге қосымша білім берудің білімдік қызмет аймағының ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- оқытудың мазмұнының, түрлерінің, әдістерінің әртүрлілігі;
- білім алушыларға білімнің деңгейін, уақытын, ақысын, мазмұны мен әдістерін, түрлерін таңдауға мейлінше еркіндіктердің берілуі;
- білімдік қызметті тұтынушылардың қажеттіліктеріне бағыттау;
- көрсетілетін білімдік қызметке кепілдіктің берілмеуі;
- әртүрлі білімдік қызметтер арасындағы бәсекелестік;
- білімдік қызметтің ақылы болуы, деп тұжырымдауымызға болады.

Ол ересектер өмірінде білім берудің дамуы, әлеуметтенуі және адаптивті рөлін қамтамасыз ететін қағидаттарды көрсетеді, кәсіби білім берудің және біліктілігін көтерудің ғылыми және әдістемелік құралдар деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Тұрғынбаева Б.А. Андрогоика. -Алматы: «Алатау» баспасы, 2011. - 180 б.
2. Громкова М.Т. Андрогоика: ересектерге арналған білім беру теориясы мен практикасы. ЮНИТИ-М: 2005. -310 б.
3. Абдраманова Г. Б., Оспанова Г. К. Үздіксіз білім беру жүйесінде ересектерді оқыту ерекшеліктері // Молодой ученый. - 2016.
4. Андрогоикалық тәсілдеменің негізгі ұғымдары. Кукуев А.И.// Оңтүстік Федеральді Университетінің Хабарлары. Педагогикалық ғылымдар. - № 9, 2009. - 57-64 б.

Б. Ж. Жиентаева

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Особенности дополнительного образования взрослых

Аннотация. В данной статье подчеркивается важность андрагогического образования, рассматриваются особенности дополнительного образования взрослых, андрагогические условия образования взрослых и основные принципы андрагогики.

Дополнительное образование взрослых - одно из важных направлений, способствующих развитию страны. Эффективная профессиональная деятельность не ограничивается знаниями по конкретной специальности. Необходимы дальнейшее обучение, совершенствование имеющихся навыков и получение новых. Особенность андрагогического образования заключается в том, что оно направлено на получение

дополнительных знаний и навыков в соответствии с социальными и экономическими изменениями в обществе, а также на удовлетворение потребностей взрослого в обучении на протяжении всей жизни.

Ключевые слова: андрагогика, дополнительное образование, непрерывное образование, основные правила системы образования взрослых, андрагогическая образовательная деятельность.

B. Sh. Zhiyentayeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Features of Adult Education

Abstract. This article discusses the importance of the development of adult education in the country and the characteristics of adult education and the basic conditions of the science of andragogy. Also considered are the features of additional adult education and the basic principles of andragogy. Additional adult education indicates that in the country of androgynous education is one of the most important areas of development of our civilization and is not limited to their knowledge in a particular specialty, as well as the effectiveness of their professional activities by continuing their further education and advanced training. The peculiarity of androgynous education shows that it is aimed at obtaining additional knowledge and skills in accordance with social and economic changes in society, as well as at satisfying adult learning needs throughout life.

Keywords: andragogy, continuing education, continuing education, the basic rules of the adult education system, androgynous educational activities.

References

1. Turgunbaeva B.A. Andragogika [Andragogy] («Alatau» Publishing House, Almaty, 2011, 180 p.)
2. Gromkova M.T. Androgogika: eresekterge arnalfan bilim beru teorijasy men praktikasy [Andragogy: theory and practice of adult education] (UNITY-M, 2005, 180 p.)
3. Abdramanova G.B., Ospanova G.K. Yzdiksiz bilim beru zhyjesinde eresekterdi okytu erekshelikteri [Features of adult education in the system of continuous education], Molodoj uchenyj [Young Scientist], 2016.
4. Kukuev A.I. Andragogikalық тәсildemenің negizgi ұғымдары [Basic concepts of andrographic approach]. Bulletin of the Southern Federal University. Pedagogical sciences (№9, 2009, p.57-64.).

Авторлар туралы мәлімет:

Жиентәева Б.Ж. – п.ғ.к., әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану кафедрасының доценті, әлеуметтік ғылымдар факультеті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Янушкевич көш., 4/1, Нур-Сұлтан, Қазақстан.

Zhiyentayeva B.Sh. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Social Pedagogy and Self-Knowledge, Faculty of Social Sciences, L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str., 4/1, Nur-Sultan, Kazakhstan.